

Болат А.  
**Халықаралық Базель III  
стандарттарын Қазақстан  
банк жүйесіне енгізудегі негізгі  
алғышарттары мен басты  
мәселелері**

2008-2009 ж. орын алған қаржылық дағдарыс сабақтары негізінде банктік қадағалау бойынша Базель Комитеті, банктердің капитал жеткіліктілігіне деген талаптарын қайта қарастыруға көшті. Соған сәйкес, банктік қадағалау бойынша Базель Комитетімен Базель III құжаты қабылданылған болатын. Қазіргі күні қоғамда аталмыш стандарттар және олардың қолданылуы, мерзімі мен аталмыш өзгерістер негізінде орын алуы мүмкін зардаптары бойынша көптеген сұрақтар туындауда. Бұл зерттеудің өзектілігін дәлелдейді. Мақалада банктік реттеу мен халықаралық есеп айырысу бойынша реформа болып табылатын «Базель-III» стандарттарына кірігу тұсында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің екінші деңгейлі банктерге деген консервациялық буфер мен капитал жеткіліктілігінің талаптары бойынша сараптамасы көрсетілген. Базель-III-тің негізгі талаптары және еліміздің банк жүйесінің Базель келісіміне қосылуының негізгі жағдайлары айтылған. Мәселен, капитал жеткіліктілігіне деген талаптардың қатайтылуы, өтімділіктің бірыңғай стандарттары мен әлемдік маңызды қаржылық институттарға арналған қосымша нормативтердің бекітілуі. Мақалада Базель III стандарттарының енгізілуі, елдің банк жүйесі қызметіне, экономикалық өсім мен қаржылық тұрақтылығына әсер ету мүмкіндігіне шолу жасалған. Сонымен қатар, Қазақстан, Ресей және Сингапур мемлекеттері реттеушілерінің, капитал жеткіліктілігі мен консервациялық буферге деген талаптарының салыстырмалы сараптамасы берілген.

**Түйін сөздер:** банктік реттеу, Базель III, жүйе құраушы банк, стресске тұрақтылық.

Bolat A.  
**General conditions and main  
problems of implementing the  
Basel III international standards  
for the banking system of  
Kazakhstan**

Based on the lessons of the financial crisis of 2008-2009, the Basel Committee of Banking Supervision launched a revision of its requirements on capital sufficiency. In this connection, Basel III document was adopted by the Basel committee of banking supervision. Currently, the community is having many questions about the standards and their application, the timing of the introduction of Basel 3, the possible consequences of these changes. Therefore, this leads to the relevance of this research. The paper considers the approaches of the National Bank of the Republic of Kazakhstan toward the capital adequacy requirements and conservation buffer for the second-tier banks in the process of upcoming reform of banking regulation and international settlement known as "Basel-III". Basic provisions of Basel III as well as the principles of integration of the country's banking system to the Basel agreement are discussed. In particular, the author focuses on such principles as tightening of capital adequacy requirements, establishment of single liquidity standards, and additional standards for the global systematically important financial institutions. The paper provides an overview of possible impact that Basel III standards might exert on the banking system operation, economic growth and financial stability. Further, the author conducts a comparative analysis of capital adequacy requirements and conservation buffer established by the regulators in such countries as Kazakhstan, Russia, and Singapore.

**Key words:** banking regulation, Basel III; systematically important financial institution, stress resilience.

Болат А.  
**Общие предпосылки и  
основные проблемы внедрения  
международных стандартов  
Базель III для Казахстанской  
банковской системы**

В данный момент у сообщества возникает много вопросов о стандартах и их применении, о сроках внедрения Базель III, о возможных последствиях этих изменений. Это и обуславливает актуальность исследования. В статье анализируются подходы Национального Банка Республики Казахстан к требованиям достаточности капитала и консервационного буфера для банков второго уровня, в условиях предстоящей реформы банковского регулирования и международных расчетов, известной как «Базель-III». Раскрываются основные положения Базеля-III и принципы присоединения банковской системы страны к Базельскому соглашению. В статье дается обзор о возможном влиянии введения стандартов Базеля III на функционирование банковской системы, экономический рост и финансовую стабильность. Кроме того, дается сравнительный анализ требованиям к достаточности капитала и консервационного буфера, установленные регуляторами таких стран, как: Казахстан, Россия и Сингапур.

**Ключевые слова:** банковское регулирование, Базель III, системообразующий банк, стрессоустойчивость.

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
БАЗЕЛЬ III  
СТАНДАРТТАРЫН  
ҚАЗАҚСТАН БАНК  
ЖҮЙЕСІНЕ  
ЕНГІЗУДЕГІ НЕГІЗГІ  
АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН  
БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Кіріспе**

2008 жылы орын алған қаржылық дағдарыс банк жүйесіндегі мәселелердің қаншалықты терең екенін көрсетті. Әлем деңгейіндегі банктік жүйе, жүйе құраушы банктер қаржылық дағдарыстың зардабын тартып жатты. Бұл өз кезегінде аталмыш банктердің дағдарысқа дейінгі кезеңде қызмет жүргізуіндегі жиі орын алып тұрған сапасыздықтарды көрсетті. Осыған сәйкес, ғаламдық қаржы-экономикалық дағдарысқа жауап ретінде, 2010 жылдың желтоқсан айында банкті қадағалау бойынша Базель комитеті 2 құжатты – «Базель III: Банк пен банк жүйесінің тұрақтылығын жоғарылатуға бағытталған жалпы реттеушілік амалдары» және «Базель III: Өтімділік тәуекелін өлшеу, стандарттау және мониторинг жүргізу бойынша халықаралық амалдар» деп екі бөлікке бөлінген Базель III стандарттарын қабылдады. Жаңа талаптар банктік секторды бекітуге, банктік секторды реттеу мен қадағалауды жақсартуға бағытталған және банктердің қаржылық-экономикалық стрестердің пайда болу көзіне қарамастан, олардан туындайтын шоктарға төтеп бере алатын, халықаралық деңгейдегі капитал мен өтімділікті реттейтін реформаны ұсынады.

**Негізгі бөлім.** Жоғарыда айтылғандай Базель III – банктік реттеу аумағында ұсыныстарды қамтитын, 2010-2011 жылдары бекітілген Базель комитетінің банктік қадағалау бойынша құжаты. Базель келісімінің үшінші бөлігі 2000 жылдардың соңында орын алған қаржылық дағдарыстың негізінде анықталып, қаржылық реттеудегі кемшіліктерге жауап ретінде әзірленілген. Базель III банк капиталына деген талаптарды жоғарылатады және өтімділік бойынша жаңа нормативтік талаптарды енгізеді. Базель III келісімінің басты мақсаты банктік қызметтегі банктік тәуекелдерді басқарудың сапасын көтеру болып табылады. Бұл өз кезегінде жалпы қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтуды көмектесуі қажет. Елімізде Базель III талаптарына көшу 2013-2019 жылдар аралығында жоспарланылған болатын (1-кесте).

1-кесте – Қазақстан Республикасында Базель III стандарттарын біртіндеп енгізу механизмі (алғашқы жоспар бойынша)

Кезеңдер		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
Капитал	Қарыз қаражаттарының үлесі		Параллель енгізу 1 қаңтар 2013 – 1 қаңтар 2017 Ақпаратты жариялау 2015 жылдың 1 қаңтарынан басталады				Көшіру Баған 1	
	Жалпы акционерлік капиталдың ең төменгі қатынасы	3,5%	4,0%		4,5%			4,5%
	Капиталды сақтау буфері				0,625%	1,25%	1,875%	2,5%
	Жалпы акционерлік капиталдың ең төмен деңгейі және капиталды сақтау буфері	3,5%	4,0%	4,5%	5,125%	5,75%	6,375%	7,0%
	СЕТ1-ден шығару және біртіндеп енгізу кезеңі		20%	40%	60%	80%	100%	100%
	1 деңгейлі капиталдың ең төмен деңгейі	4,5%	5,5%		6,0%			6,0%
	Жалпы капиталдың ең төмен деңгейі			8,0%				8,0%
	Жалпы капиталдың ең төмен деңгейі және консервациялық буфер		8%		8,625%	9,25%	9,875%	10,5%
	1 және 2 деңгейлі болып есептелмейтін капиталдық құралдар		10 жылдың ішінде біртіндеп енгізу 2013 жылдан басталады					
Өтімділік	Өтімділікті өтеу коэффициенті – төменгі талаптар			60%	70%	80%	90%	100%
	Таза, тұрақты қаржыландыру көрсеткіші						Минималды стадарт. енгізу	

*Ескерту – 1-кесте қайнар көз негізінде құрастырылған*

Базель III талаптары бойынша реттеу капиталы келесі жағдайларды қамтыды:

Меншікті қаражаттар (капитал) құрылымына деген жаңа талаптар 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізу жоспарланды. Бұл тұста, жаңа талаптарға сәйкес келмейтін капитал инструменттерін сатылы түрде шығару қарастырылды;

Акционерлік капитал мен 1 деңгейлі капиталдың жеткіліктілігіне деген жаңа талаптар 2013 – 2014 жылдар аралығында біртіндеп енгізілу жоспарланды;

Қорғаныс буферін (conservation buffer) есепке алғандағы акционерлік капитал мен жиынтық

капитал жетістігіне деген жаңа талаптар 2016-2018 ж. жоспарланды (1,3-кесте).

Леверидж көрсеткішін міндетті талаптар құрамына (нормативтер) енгізу:

1. 2013-2016 ж. ішінде параллельді түрде банктермен іс жүзіндегі капитал жеткіліктілігімен қатар леверидж көрсеткішін банктермен жүргізу.

2. 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап банктермен леверидж көрсеткішіне қатысты ақпараттың ашықтығы;

3. 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап леверидж көрсеткішін (2017 жылдың 1 жартысында оның есептелу тәсілі және мәні «параллельді

есептеу нәтижелеріне сәйкес анықтау жоспарланылған) міндетті көрсеткіштер қатарына енгізу қарастырылған.

Қажет көлемдегі өтімділікті қамтуда маңызды рөлді реттеушінің бекітетін талаптары атқарады. Банктердің басқаруды жақсарту және өтімділік тәуекелін бақылау деңгейін көтеру қажеттілігі анықталған соң, Базель III стандарттарына сәйкес, өтімділік бойынша жаңа талаптар «Liquidity Coverage Ratio (LCR)» және Net Stable Funding Ratio (NSFR) ұсынылды. Liquidity Coverage Ratio талаптары банктерге, бір ай ішіндегі орын алуы мүмкін теріс шоктар тұсында, өз қызметтерін алаңсыз атқара беруіне көмектесетін жоғары деңгейде өтімді активтердің қорын құру негізінде қысқа мерзімді активтердің сенімді деңгейін қамту үшін әзірленілген. 2014 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен Базель III стандарттарына өту мақсатында, аталмыш өтімділік талабын Қазақстанда енгізу үшін зерттеу жұмысы жүргізіліп, Банктік қадағалау бойынша Базель комитетінің қысқа мерзімді өтімділік көрсеткішін есептеу және шет ел мемлекеттерінің жаңа өтімділік стандарттарына көшу ерекшеліктері бойынша ұсыныстары зерттеліп, Қазақстан Республикасының ағымдағы заңнамалық нормасына сәйкес, Базель III ұсыныстары бойынша қысқа мерзімді өтімділік көрсеткішін есептеуді бейімдеу қарастырылды. Net Stable Funding Ratio коэффициентін енгізу банктердің нарықтық артық өтімділік кезеңіндегі қысқа мерзімді дербес қорландыруға деген аса жоғары тәуелділікті ұзақ мерзімде (1 жыл) сенімді қорландыру көзімен қамту арқылы шектеуді қамтиды және активтер мен міндеттемелердің тұрақты құрылымын бекітеді. Аталмыш коэффициент бойынша зерттеулер жүргізу Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен 2016 жылға жоспарланылған болатын.

Бүгінгі күні толығымен тек бір нормативтің ғана есептелеу тәсілі әзірленіп бекітілген, мақсаты қысқа мерзімде банктің өтімділік тәуекеліне деген тұрақтылығын қамтитын, қысқа мерзімді өтімділік коэффициенті немесе LCR [1,2]. Базель III стандарттары 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап сатылы түрде қысқа мерзімді өтімділік көрсеткішін (ҚМӨК) енгізуді және 60% көлемінде минималды мәнді бекітуді қарастырады. 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап, минималды мәнді сатылы түрде 100% шамасына дейін көтеру жоспарланылған.

ҚМӨК 2007 жылы орын алған қаржылық дағдарыс сараптамасы негізінде әзірленілген, стресс сценарийдың 30 күн шеңберіндегі өтімділікті бағалау үлгісінде әр түрлі тәуекелдерді біріктіруді сипаттайды. Нақтырақ айтсақ:

– жоғары деңгейде өтімді активтердің есебі – жоғары деңгейдегі активтердің көрсеткіштерін анықтау және дисконтты қолдану;

– қорландыру көздерінің қол жетімділігі мен сенімділігі – міндеттемелердің әр түрі бойынша ағымның әр түрлі деңгейін бекіту;

– түсімдерге деген шектеулі қол жетімділік – шектеулі көлемдегі өтімділікті бағалаудағы табыстың есебі. Бұл тұста түсімнің әр түрі бойынша ағымның әр түрлі деңгейі қолданылады.

ЖДА тұрақты жағдайда да, стресстік жағдайда да оңай жүзеге асырылатын (белгілі бір дисконттың араласуынсыз) – жоғары сапалы өтімді болып табылатын активтер немесе ақша қаражаттары. Сонымен қатар, бұл активтер бойынша ешқандай міндеттемелік ауыртпалықтың болмауы, олардың отыз күндік стресс кезеңінде кез келген уақытта оңай жүзеге асыра алынуымен түсіндіріледі. ЖДА өтімділік деңгейі бойынша үш түрлі санатқа бөлінген:

1) 1 деңгейдегі ЖДА – ең өтімді активтер;

2) 2 деңгейдегі ЖДА (ЖДА деңгейінің соммасы 2А және 2Б) – дисконтпен жүзеге асырылатын орташа деңгейде өтімді активтер;

## 2-кесте – Базель III талаптарына сәйкес жоғары деңгейдегі активтердің тізімі

Базель III талаптарына сәйкес жоғары деңгейдегі активтердің тізімі	
<p>А) 1 деңгейлі ЖДА</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Қолма-қол ақша</li> <li>– Мемлекетпен, орталық банктермен, қоғамдық сектордағы кәсіпорындармен, даму банктерімен шығарылған талаптарды қанағаттандыратын бағалы қағаздар</li> <li>– Орталық банктегі талаптарды қанағаттандыратын резервтер</li> <li>– Тәуекел бойынша өлшенгенде нөлден жоғары мемлекеттердің банктің (жергілікті) юрисдикциясындағы мемлекет немесе орталық банктің міндетті бағалы қағаздары</li> </ul>	<p>Дисконт деңгейі 100%</p>
<p>Б) 2 деңгейлі ЖДА (ЖДА-ның жиынтық көлемінен максимум 40%) 2А деңгейіндегі ЖДА</p>	

2-кестенің жалғасы

– Мемлекетпен, орталық банктермен, қоғамдық сектордағы кәсіпорындармен, даму банктерімен шығарылған бағалы қағаздар.	85%
– Тәуекел бойынша өлшеудегі талаптарды қанағаттандыру – 20%	
– АА және одан да жоғары рейтингісі бар корпоративтік қарыздық бағалы қағаздардың талабын қанағаттандыру	
– АА және одан да жоғары рейтингісі бар қамтылған облигациялар	
2Б деңгейіндегі ЖДА (ЖДА-ның жиынтық көлемінен максимум 15%)	75%
– Ипотекалық міндеттік бағалы қағаздар	50%
– ВВВ-ден А+- ке дейінгі рейтингісі бар корпоративтік міндеттік бағалы қағаздар	50%
– Акциялар	
Ескерту – 2-кесте қайнар көз негізінде құрастырылған	

ЖДА 2 деңгейі орташа өтімділікке ие болатындықтан, олардың есебі жиынтық ЖДА-да шектеумен есепке алынады, яғни, ЖДА 2 деңгейі жиынтық ЖДА көлемінің 40%-нан және бұл тұста ЖДА-да 2 Б деңгейі жиынтық ЖДА-да 15%-дан аспауы қажет. Базель III 2Б деңгейіндегі активтерді ЖДА-ның жиынтық көлеміне қосылу мүмкіндігін реттеушінің еркіне қалдырады. Есептеу талаптарына сәйкес, ақшалай жылыстаулардың бір бөлігі (75%) ақшалай жылыстауда аспайтын банктің табысы арқылы жабыла алады. Мұндай шектеу банктердің өздерінің міндеттемелерін алдағы уақытта орын алатын ақшалай түсімдерге арқа сүйемеуі үшін жасалған. Сол себепті, банктің міндеттемелері бойынша кем дегенде 25% ақшалай жылыстаулар ЖДА-мен қамтылады. Сонымен қатар, банктің ақшалай жылыстауы мен түсімдерінің көлемі оларға қолданылатын жылыстаулар

мен түсімдерге арналған коэффициент арқылы есептеледі. Жылыстаулардың коэффициенті клиенттің сенімділігі, оның алдындағы міндеттеменің түрі және өзге де басқа мүмкін факторларына тәуелді түрде бекітіледі (2-кесте).

Банктік қадағалау Базель комитетінің бекітуі бойынша, егер банктің шетел валютасындағы міндеттемелері 5%-дан артық болса, банк ЖДА-ны есептеуде сол валютаны қолдануы және барлық есептеу метрикасы тек сол валютада жүзеге асырылуы қажеттілігі айтылған. Алайда, Базель III стандарты ЖДА-ның шетел валютасындағы минималды мәнін көрсетпейді. Базель комитетімен ЖДА-ны есептеу тұрақты түрде жүргізілуі және реттеушінің алдында кем дегенде айына 1 рет есеп беруі, сонымен қатар, мүмкіндіктерге сәйкес, бұл есеп беру жиілігін аптадан күн сайын есеп беруге біртіндеп көшіру туралы кеңес берілген.

**3-кесте** – Қазақстан банктеріне арналған Базель III стандарттарын енгізудің жаңа кестесіне байланысты капитал көлемі мен капитал буферлерінің ең төменгі мәні және енгізілу мерзімі

Ең төменгі талаптар	Енгізу мерзімі				
	01.01.15	01.01.16	01.01.17	01.01.18	01.01.19
Негізгі капитал	5%	5,5%	6%	6,5%	7%
1 деңгейлі капитал	6%	6,5%	7%	8%	9%
Капиталдың жалпы деңгейі	7,5%	8%	9%	10%	12%
Консервациялық буфер					
– барлық банктерге	1%	2%	3%	3%	3%
– жүйе құраушы банктер	2,5	3%	3%	3%	3%
Контрициклдық буфер (Циклға байланысты енгізіледі)	0%	0-3% (қажеттілік жеке тұрғыда бағаланады)			
Жүйелік буфер	0%	1%			
Базель III талаптарына сәйкес келмейтін, құралдарды капиталдан шығару	Бір қалыпы біртіндеп шығару				
Ескерту – 3-кесте қайнар көз негізінде құрастырылған					

Қазіргі күні көптеген дамыған мемлекеттер (АҚШ, ЕО мемлекеттері, Ұлыбритания, сонымен қатар Ресей) Базель III стандарттарына көшудің кестесін белсенді түрде саралауда. Бұл тұста, көптеген мемлекеттер Базель III стандарттарына көшудің алғашқы кестесіне өзгертулер енгізіп, қазіргі күні жаңа жоспарлар жасауда. АҚШ Базель III стандарттарына қатысты жеке көзқарасқа ие. АҚШ-та Базель III стандарттарынан өзге

талаптар қызмет атқарады. Базель III стандарты әлемдік банктік жүйеде толыққанды жұмыс істеу мерзімі белгісіз. Кейбір мемлекеттерде жүйенің толыққанды жұмыс істеуі 2015 жылдың 1 қаңтарына жоспарланылса, кейбір мемлекеттерде бұл мерзім 2019 жылға дейін шегерілген. Алайда, еліміздің банк жүйесі алғашқы жоспардан шегініп, Базель III стандартына көшудің алғашқы қадамын 2015 жылдың 1 қаңтарына өзгертті [3,4].

**4-кесте** – Капитал көлемі мен капитал буферлерінің ең төменгі мәнін Қазақстан, Ресей және Базель III стандарттарына сәйкес салыстыру

Мемлекет атауы	Негізгі капитал	1 деңгейлі капитал	Капиталдың жалпы деңгейі	Консервациялық буфер	Контрциклдық буфер	Жүйелік буфер
Қазақстан	7%	9%	12%	3%	0%-3%	1%
Ресей	5%	6%	10%	2,5%	-	1%
Базель III	4,5%	6%	8%	2,5%	0%-2,5%	1%-2,5%

*Ескерту* – 3-кесте қайнар көз негізінде құрастырылған

Әр мемлекет Базель III талаптарын есепке ала отырып, капитал көлемі мен капитал буферлерінің ең төменгі деңгейін белгілейді. Біз 4-кестеден – капитал көлемі мен капитал буферлерінің ең төменгі мәнін енгізу бойынша Қазақстан, Ресей және Базель III стандарттарына сәйкес салыстыруды, ал 5-ші және 6-кестеден сәйкес көрсеткіштердің Сингапур мемлекетімен салыстырғандағы мәндерін көре аламыз.

Базель III стандарттарын енгізуден туындайтын өзгерістерге, Еуропа және АҚШ-тың жеткілікті деңгейде капиталдандырылған банктерінің өзі, Базель III-пен талап етілген деңгейге қол жеткізу барысында, қиындықтарға тап болуы мүмкіндігін жатқызамыз. Бұл өз кезегінде қол жетімді несиелендірудің төмендеуі мен несиелеу құнының артуына әкелуі мүмкін. Әр түрлі географиялық аумақтардағы Ұлттық реттеу органдары, Базель III стандарттарын енгізу бойынша әр түрлі көзқарастарға ие. Батыс мем-

лекеттерінің реттеушілеріне капитал буфері мен өтімділікті жоғарылату маңызды болса, Шығыста тәуекелдерді басқаруды жан-жақты төмендету, стресс-тестілеуге деген амалдарды жетілдіру және капитал мен тәуекелді басқарудағы сәйкестіктің қажеттілігімен олардың компанияның стратегиясына кіріге алу мүмкіндігі жатады. Енгізу тәсілдеріне байланысты айырмашылық деп, енгізу тәсілі, мерзімі және мөлшері әр реттеушімен жеке тағайындалуын жатқызамыз. Осыған сәйкес, жекелеген юрисдикциялар Базель III талаптарынан да қатты талаптарды бекіту мүмкіндігіне ие болады. 4, 5, 6-кестелерден байқайтынымыздай еліміздегі реттеуші орган, отандық банктерге Базель және өзге мемлекеттерге қарағанда қатал талаптар бекіткен. Мәселен, 4-кестеде капитал көлемі мен капитал буферлерінің ең төменгі мәнін Қазақстан, Ресей және Базель III стандарттарына сәйкес салыстыру көрсетілген [5].

**5-кесте** – Капитал көлемі бойынша Қазақстан, Сингапур және Базель III стандарттарына сәйкес салыстыру

	Негізгі капитал	1 деңгейлі капитал	Капиталдың жалпы деңгейі
Қазақстан	7%	9%	12%
Сингапур	6,5%	8%	10%
Базель III	4,5%	6%	8%

*Ескерту* – 3, 4-кесте қайнар көздер негізінде құрастырылған

Бұл тұста алты көрсеткіш: негізгі капитал, I деңгейлі капитал, капиталдың жалпы деңгейі, консервациялық буфер, контрциклдық буфер, жүйелік буфер бойынша еліміздің басты реттеушісінің қойған талаптары Ресей және Базель III талаптарымен салыстырғанда біраз жоғары болып табылады. Мәселен, Қазақстан үшін негізгі капиталдың ең төменгі деңгейі – 7% құраса, Ресейде – 5%, Базель III стандарттарына сәйкес бұл көрсеткіш – 4,5% құрайды. Қазақстан Ресеймен салыстырғанда 2%-ға, Базель III-пен салыстырғанда 2,5%-ға жоғары екенін байқаймыз. Сәйкесінше, I деңгейлі капиталдың ең төменгі деңгейі елімізде – 9%, Ресейде – 6%, Базель III стандарты бойынша – 6% құрайды. Бұл көрсеткіш бойынша еліміздің реттеушісі Ресей мен Базель III стандартына қарағанда – 3%-ға артық межені белгілеген. Капиталдың жалпы деңгейі бойынша ең төменгі шекара – 12%-ды құрап, Ресей-

ден – 2%, Базель III стандарттарынан – 4%-ға артықтығымен ерекшеленеді. Консервациялық буфер бойынша Ұлттық банктің қойған ең төменгі талабы – 3% шамасында белгіленіп, Ресей және Базель III стандарттарынан 0,5%-ға артық. Контрциклдық буфер Қазақстанда 0%-3% аралығында болса, Базель III стандарттары бойынша 0%-2,5% шамасында белгіленіп, еліміздің талабынан 0,5% кем. Жүйелік буфер Қазақстан мен Ресейде – 1% шамасында тұрақтанса, Базель III стандартында бұл көрсеткіш 1%-2,5% интервалында тұрақталған. 5-ші және 6-кестелерден еліміздің реттеушісі, Базель III және Сингапур мемлекетінің тағайындаған талаптарын көреміз. Бұл тұста да, еліміздің реттеушісінің бекіткен талаптары әлдеқайда жоғары болып табылады. Байқайтынымыздай, 4, 5, 6-кестелерге сәйкес үш мемлекет (Қазақстан, Ресей, Сингапур) талаптары Базель III талаптарына қарағанда жоғары.

**6-кесте** – Сингапурлық реттеушінің банктерге қоятын талаптарына сәйкес консервациялық буфердің ең төменгі деңгейі

Көрсеткіш атауы	01.01.2016	01.01.2017	01.01.2018	01.01.2019
Консервациялық буфердің ең төменгі деңгейі	0.625%	1.25%	1.875%	2.5%

*Ескерту* – 3, 4-кесте қайнар көздер негізінде құрастырылған

Бұл тұста, әр реттеуші талаптарды бекіту бойынша сұрақта (талаптардың мөлшері, енгізу тәсілі және уақыты) өзі шешім қабылдайды. Әдетте, кез келген мемлекет Базель III талаптарынан жоғары қояды. Жекелеген реттеушілердің мұндай қадамға баруының бірнеше себебі болуы мүмкін. Біздің түсінігімізше жекелеген реттеушілердің, солардың ішінде еліміздің бас реттеушісінің мұндай қадамдарға бару себебіне келесілерді жатқызуға болады:

– Қазақстан экономикасының жоғары тәуекелділігі – ел экономикасы соңғы уақыттарда валюта бағамы мен мұнай бағасының тұрақсыздығынан, қаржылық және экономикалық тұрақсыздықтарға тап болды. Ел экономикасы мұнай өндірісіне бағынышты болғандықтан, мұнай бағасының төмендеуі, ел экономикасының нашарлауына әкелді. Бұл тұста, банк жүйесі, ел экономикасының маңызды бөлігі болғандықтан, мұндай өзгерістер банк қызметіне тікелей әсер етті.

– Ұлттық банк жүйесінің жеткілікті деңгейде дамымауы – әдістемелік қуаттылықтың төмен-

дігі немесе Базель III стандарттарын енгізу бойынша жеткілікті деңгейде инструментарийдің болмауы. Қазіргі күні еліміздің басты реттеушісі және еліміздегі екінші деңгейлі банктер мұндай шараға дайын емес.

– Банктерді стресс-тестілеуден өткізу мерзімінің кейіндетілуі – Базель III талаптарындағы маңызды орында стресс-тестілеуді өткізудің жиілігін көбейту болып табылады. Алайда, Ұлттық банкпен еліміздің банктерін стресс-тестілеуден өткізу мерзімі кейіндетілді. Айта кетер болсақ, жоспар бойынша аталмыш шара ел басының тапсырмасы бойынша 2016 жылдың қыркүйек айында аяқталып, банк ахуалы бойынша қорытынды есеп тағайындалуы қажет болған. Бірақ, қазіргі күні еліміздің банк жүйесін реттеуші Ұлттық Банктің мәлімдемесіне сәйкес, аталмыш шара белгісіз уақытқа кейіндетілді. Алдыңғы жоспар бойынша еліміздің банктерін стресс-тестілеуді Ұлттық банк өзі және өзінің әзірлеген әдістемесі бойынша жүргізілетіні айтылса, соңғы ақпараттар бойынша аталмыш

шараны шетелдік сыртқы сарапшылар жүргізетіндігі айтылған.

– Бәсекелестік бойынша тең емес жағдай – Еуропа мемлекеттерінің көбі және АҚШ қазіргі күні Базель III стандарттарына көшпеді. Сонымен қатар көптеген мемлекеттер капиталға немесе капитал буферіне деген талапты тағайындауда Қазақстанға қарағанда төмен межені ұстап отыр. Мысал ретінде, экономикасы бізге жақын Ресей және жақсы дамыған Сингапур мемлекетін салыстыра келе, еліміздегі талаптар әлдеқайда жоғары екенін байқадық. Бұл өз кезегінде бәсекелестік бойынша тең емес жағдайларды тудырады.

– Халықаралық есеп-айырысу банкі (BIS) талаптары елімізде қолданылмауы – қазіргі күні Еуропа Одағы, Ресей, Сингапур және т.б. мемлекеттер, Халықаралық есеп-айырысу банкінің мүшесі болып табылады. Аталмыш банктің мүшесі болу дегеніміз, сол банктің ұсынатын талаптарына сәйкес қызмет атқару. Көптеген экономист-сарапшылардың ойына сәйкес, халықаралық есеп-айырысу банкінің

талаптарын қолданатын жүйелерге Базель III талаптарын енгізу барынша жеңіл болатындығы айтылған [6].

### Қорытынды

Базель III жаңа стандарттары капитал мен өтімділікке деген жоғары деңгейдегі талаптарды тек сандық түрде бекітіп қана қоймай, оның сапалық жағдайына аса зор мән береді. Бұл өз кезегінде, қаржылық ұйымдардың капитал құрылымының сапасын жақсартуға септігін тигізеді. Әрине, Базель III стандарттарын енгізу және қолдану банк жүйесі үшін бір жағынан сынақ болса, екінші жағынан Базель III стандарттарын орындау барысында міндетті түрде өткізілуі қажет шаралардың жүзеге асырылуы (мысалы, банктер қызметін стресс тестілеуден өткізу), банк жүйесін тазалай отырып, өзге халықаралық қаржы көздері мен сенімге ие болатыны анық. Сонымен қатар, елдің банк жүйесінің кез келген дағдарыстарға төтеп бере алу иммунитетін жақсартатыны хақ.

### Әдебиеттер

- 1 A brief history of the Basel Committee, Bank for International Settlements// URL: <http://www.bis.org/bcbs/history.pdf> (october 2015).
- 2 Базель комитетінің Базель-III талаптары бойынша баяндамасы, Базель-III талаптарын сатылы түрде енгізу.// URL: [http://www.bis.org/bcbs/basel3/basel3\\_phase\\_in\\_arrangements.pdf](http://www.bis.org/bcbs/basel3/basel3_phase_in_arrangements.pdf)
- 3 Экономическое обозрение Национального Банка Республики Казахстан №4, 2015 год.// URL: [http://www.nationalbank.kz/cont/publish753105\\_31361.pdf](http://www.nationalbank.kz/cont/publish753105_31361.pdf)
- 4 Regulatory architecture: overview of banking regulators and key regulations, Singapore Banking Regulation 2016, // URL: <http://www.globallegalinsights.com/practice-areas/banking-and-finance/global-legal-insights---banking-regulation-3rd-ed./singapore#chaptercontent2>
- 5 Отдельные вопросы банковского сектора и перспективы его дальнейшего развития, Исследование Национального Банка Республики Казахстан, Алматы, 2014 год, октябрь.//URL: [http://www.sas.com/content/dam/SAS/ru\\_ru/doc/Events/Presentation/Risk-Management-in-banks-31-10-14/1\\_Otdelnye\\_voprosy\\_bankovskogo\\_sektora\\_i\\_perspektivy\\_ego\\_dalnejshego\\_razvitiya.pdf](http://www.sas.com/content/dam/SAS/ru_ru/doc/Events/Presentation/Risk-Management-in-banks-31-10-14/1_Otdelnye_voprosy_bankovskogo_sektora_i_perspektivy_ego_dalnejshego_razvitiya.pdf)
- 6 Schwaab, B., Koopman, S.J., Lucas, A. (2011), Systemic risk diagnostics: Coincident indicators and early warning signals. ECB Working Paper, 1327 p.

### References

- 1 A brief history of the Basel Committee, Bank for International Settlements// URL: <http://www.bis.org/bcbs/history.pdf> (october 2015).
- 2 Bazel' komitetiniñ Bazel'-III talapтары бойынша баяндамасы, Bazel'-III talapataryn satyly tyrde engizu.// URL: [http://www.bis.org/bcbs/basel3/basel3\\_phase\\_in\\_arrangements.pdf](http://www.bis.org/bcbs/basel3/basel3_phase_in_arrangements.pdf) (inRuss.)
- 3 Ekonomicheskoe obozrenie Natsional'nogo Banka Respubliki Kazakhstan №4, 2015 god.// URL: [http://www.nationalbank.kz/cont/publish753105\\_31361.pdf](http://www.nationalbank.kz/cont/publish753105_31361.pdf) (inRuss.)
- 4 Regulatory architecture: overview of banking regulators and key regulations, Singapore Banking Regulation 2016, // URL: <http://www.globallegalinsights.com/practice-areas/banking-and-finance/global-legal-insights---banking-regulation-3rd-ed./singapore#chaptercontent2>
- 5 Otdel'nye voprosy bankovskogo sektora i perspektivy ego dal'neishego razvitiya, Issledovanie Natsional'nogo Banka Respubliki Kazakhstan, Almaty, 2014 god, oktyabr'.//URL: [http://www.sas.com/content/dam/SAS/ru\\_ru/doc/Events/Presentation/Risk-Management-in-banks-31-10-14/1\\_Otdelnye\\_voprosy\\_bankovskogo\\_sektora\\_i\\_perspektivy\\_ego\\_dalnejshego\\_razvitiya.pdf](http://www.sas.com/content/dam/SAS/ru_ru/doc/Events/Presentation/Risk-Management-in-banks-31-10-14/1_Otdelnye_voprosy_bankovskogo_sektora_i_perspektivy_ego_dalnejshego_razvitiya.pdf) (inRuss.)
- 6 Schwaab, B., Koopman, S.J., Lucas, A. (2011), Systemic risk diagnostics: Coincident indicators and early warning signals. ECB Working Paper, 1327 p.